

Мектеп – табыс аумағы. Табысты адам – бұл, ең алдымен, қоғамда еркін бейімделетін, өзі үшін қолайлы салада өзінің шығармашылық және жеке әлеуетін жүзеге асыра алатын белсенді тұлға. Осыған орай инновациялық білім беру бағытындағы мектеп мұғалімдерінің басты ұстанымы – білімге құштар, жан-жақты, өзіне сенімді, бәсекеге қабілетті оқушыларды даярлау болып табылады.

Бүгінгі таңда инновациялық жобалар бір жағынан, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың бірден-бір жолы болып табылса, екінші жағынан оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға зор мүмкіндік тудырып отыр. Осы орайда мектеп мұғалімдері өзінің пәніне, қызықтыратын саласына қатысты әр түрлі бағыттағы инновациялық жобалармен жұмыс жасайды. Атап айтсақ, «Жасыл аптека», «От пера до ручки», «Калиграмма», «Актерлік шеберлік», «Салауатты тамақтану», «Бала Абай», «CISCO» және т.б. инновациялық жобаларымен жұмыс жүргізіліп жатыр.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар – бұл мұғалімдердің классикалық оқыту-тәрбиелеу-дамыту педагогикалық ұстанымдарын сақтай отырып, уақытпен бірлесе жұмыс істеу шеберліктері. Қазақстанның қазіргі заманғы білімі, бәсекелестіктің инфокоммуникациялық технологияларды қаншалықты меңгергені және жаһандық интернет желісі жағдайында қашықтықтан өзара әрекеттесуге қаншалықты даяр екеніне байланысты болатын, планетарлық ойлай білетін адамдардың жаңа генерациясына бағытталуы тиіс. Бірақ, бұл даярлық бірден, бір уақытта туындай алмайды, ол мектептегі мұғалімдердің мыңдаған сабақ өткізулерінен жинақталады. Осы орайда мектеп мұғалімдерінің жасап жатқан істері аз емес. «Біз әр баланы шығармашыл ете алмаймыз, бірақ оның шығармашылық қабілетін дамыту – біздің кәсіби парызымыз» - мектеп ұжымының ұранына айналып отыр.